

«Альянс Банкі» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫНА
ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Бекітілген
Акционерлердің Жалпы кеңесімен
«22» маусым 2012 жыл

(№ хаттама 04/12
«22» маусым 2012 жыл)

0032843

«Альянс Банкі» АҚ 2010 жылғы 9 наурыздағы № 15/10 дара акционердің шешімімен бекітілген «Альянс Банкі» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) төмендегідей өзгертулер және толықтырулар енгізілсін:

1. Жарғының 6-бабына:

- 6- тармақтың екінші бөлігіндегі «Саны» сөзі «Орналастыру кезеңіне саны» деген сөздермен ауыстырылсын; «жарияланған» сөзі «орналастырылған» сөзімен ауыстырылсын.

- 7- тармақ мына мазмұнда жазылсын:

«7. Артықшылықты акция акционерге Банкіні басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

1) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Осындай мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынғанды шегерумен) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісіне дауысты шектеу шартында ғана қабылданған деп есептеледі.

Артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеу бойынша мәселелерге туралы (жөнінде) мәселелер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің есебі тәртібін азайту немесе өзгерту;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемінің тәртібін өзгерту;

Банкінің жай акцияларына артықшылықты акцияларды айырбастау;

2) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банкінің оларды сатып алу кезінде артықшылықты акциялардың құнын анықтау әдіснамасына (егер ол құрылтайшы жиналыспен бекітілмесе, әдіснаманы бекіту) өзгертулерді бекіту туралы мәселені қарайды;

3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкіні қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарайды;

4) артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеуге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық көлемде төленбеген.».

2. Жарғының 8- бабы мына мазмұнда жазылсын:

«1. Банк қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тыйым салулар мен шектеулер есебімен жүзеге асырады.

2. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акцияларды және жарғы капиталдарына қатысу үлесін алуға құқылы:

1) қаржы ұйымдарының, сондай-ақ банк мәртебесіне ие Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары-бейрезиденттерінің, сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың;

2) алынатын акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Уәкілетті

органның нормативтік-құқықтық актісі талаптарына сәйкестігі шартында орналастырылатын акциялардың (артықшылықты және қоғаммен сатып алынғанды шегерумен) кемінде он пайызы мөлшерінде заңды тұлғалардың;

3) Банк кепілдігіне құнды қағаздарды шығару және орналастыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының еншілес арнайы ұйымдары-бейрезиденттерінің;

4) Қазақстан Республикасының Жобалы қаржыландыру және секьюритизациялау туралы Заңнамасына сәйкес секьюритизациялау мәмілелері үшін құрылған еншілес арнайы қаржы компанияларының;

5) негізгі банкінің күмәнді және үмітсіз активтерін алушы Қазақстан Республикасының еншілес ұйымдары-резиденттерінің;

6) қызметі тек қана банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын еншілес ұйымдардың; лизингтік қызметті жүзеге асыру;

7) банк қызметі бойынша есеп айырысулар, төлем карточкаларымен операциялар есептерін қоса, қатысушылар арасында ақпараттық, телекоммуникациялық және технологиялық өзара әрекетті қамтамасыз ету жөнінде қызмет көрсететін ұйымдар;

8) электрондық санды қойылған қолдың ашық кілтінің электрондық санды қойылған қолдың жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау бойынша қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар;

9) банк қауымдастықтары (одақтары);

10) заңды ұйымдардың, осы ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы кепіл ретінде алынған акциялары немесе қатысу үлестері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес Банк меншігіне ауысатын жағдайларда;

11) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржаларының және орталық депозитарийдің;

12) кредит бюросының.

3. Банкінің жарғылық капиталға қатысу үлесін немесе осы баптың 2-тармақ 1) – 12- тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларын алуы бір заңды тұлғаға Банкінің меншік капиталының он пайызынан аспауы керек. Осы шектеу жарғылық капиталға қатысу үлестерін немесе аталған заңды тұлғалардың акцияларын иеленуге, оның ішінде оны құруға, таратылады.

Банкінің жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе осы баптың 2-тармақ 1) – 12-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың акцияларының жиынтық құны Уәкілетті Органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген мөлшерден аспау керек.

4. Банкінің қаржы ұйымдарының, сондай-ақ банк мәртебесі бар заңды ұйымдар – Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің, сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының

акцияларын немесе қатысу үлестерін алуы Банкінің Уәкілетті Органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленетін меншік капиталының ең төменгі жеткіліктілігі қосымша талаптарын орындауы шартында рұқсат етіледі. Осы талап Банкінің көрсетілген заңды тұлғаларды құру жағдайларына таратылады.¹

5. Банкінің еншілес ұйымдарына немесе Банк капиталда елеулі қатысуға ие ұйымдарына тиесілі Банк акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) жиынтық үлесі Уәкілетті Органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген лимиттен аспау керек.

6. Банкінің заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлесін алу барысында, кепіл ретінде қабылданған акция немесе осы ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес Банкінің меншігіне ауысады, Банкінің осындай заңды тұлғаларға қатысуы Банкінің меншік капиталының он пайызынан аспау керек.

Акцияларды немесе жарғылық капиталдардағы қатысу үлесін сату мерзімі он екі айдан аспауы керек, ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банкілік қызметтер туралы» Заңының 11-2 бабымен белгіленген шарттарда құрылған (алынған) Банкінің еншілес ұйымының осы ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлесі немесе акцияларының кепілі ретінде Банкімен қабылданған жағдайлардан басқа.

7. Банк төмендегілерді меншігіне алуға құқылы:

1) тізімі Уәкілетті органмен белгіленетін халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын;

2) ең аз талап етілетін рейтингке ие облигацияларды. Ең аз талап етілетін рейтинг және рейтингтік агенттіктер тізімі Уәкілетті Органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк және арнайы қаржы компаниясы арасында секьюритизациялау мәмілесін жүзеге асыру шеңберінде шығарылған жобалық қаржыландыру және секьюритизациялау туралы құрылған Банкінің еншілес ұйымы болып табылатын арнайы қаржы компаниясының облигацияларын;

4) Банкінің меншік облигацияларын және міндеттемелері Банкімен кепілденген Банкінің еншілес ұйымдарымен шығарылған облигацияларын. Осындай облигациялармен мәміле жасау тәртібі Уәкілетті Органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленеді.

Банк осы ұйымның қайта құрылымданатын міндеттемелері тізбесіне бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді енгізу шартында қайта құрылымдау процесіндегі ұйымдардан бұрын алынғандардың орнына облигациялар алуға құқылы.

¹ Жарғының 8-бап 4-тармағы 2013 жылы 1 қантардын бастап әрекетке енгізіледі.

8. Банкілік қызметті жүзеге асырудан және осы бапта көрсетілген қатысу үлестерін алудан басқа Банк төмендегі қызмет түрлерімен айналысуға құқылы:

1) банкілердің және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес банкілік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнайы мамандандырылған бағдарламалық камтамасыз етуді жүзеге асырумен;

2) ақпарат тасымалдаушыларының кез келген түріне банкілік қызмет мәселелері бойынша арнайы әдебиетті жүзеге асыруға;

3) меншік мүлкін сатумен;

4) төлем карточкаларын және түбіртек кітапшаларын шығарумен, сатумен және таратумен;

5) банкаралық клирингті жүзеге асырумен (төлемдерді жинау, салыстыру, сұрыптау және растау, сондай-ақ өзара есепке алуды және клиринг қатысушыларының – банкілік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысушылардың анық бағдарын белгілеуді жүргізу);

6) электрондық ақшаны шығарумен, сатумен және өтеумен, сондай-ақ электрондық ақшамен операциялар бойынша ақпаратты жинау және өңдеу жөніндегі қызметтерді ұсынумен;

7) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіпте қарыз алушылардың мүлкін сатумен;

8) қаржы қызметіне байланысты мәселелер бойынша кеңестік қызмет ұсынумен;

9) банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзге тұлғалардың мүдделерін ұсынумен немесе облигациялар ұстаушылардың өкілі ретінде;

10) банкілік және қаржы қызметі саласында мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқуды ұйымдастырумен;

11) электрондық санды қойылған қолдың ашық кілтінің электрондық санды қойылған қолдың жабық кілтіне сәйкестігін куәландырумен, сондай-ақ ақпараттандыру саласында басшылық етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған жағдайда оның банкілік қызметін пайдаланатын өз клиенттеріне қатысты тіркеу куәлігінің дұрыстығын растаумен;

12) Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары- резиденттері атынан сақтандыру шарттарын жасасумен, сондай-ақ банк және Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары - резиденттері және (немесе) жинақтаушы зейнеткерлік қорлар арасында зейнеткерлікті камтамасыз ету туралы шарттарды жасасумен және (немесе) олардың атынан сақтандыру шарттарын жасасумен.

9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте төмендегідей банкілік және өзге операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) депозиттер қабылдау, заңды тұлғалардың банкілік шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) депозиттер қабылдау, жеке тұлғалардың банкілік шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банкілердің және банкілік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу;
- 4) осы тұлғаға тиесілі аффинирленген бағалы металлдардың және монеталардың саны бейнеленетін жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;
- 5) кассалық операциялар: қолма-қол ақша беру, оларды ауыстыруды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, орап-бууды және сақтауды қоса;
- 6) аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер және ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
- 7) есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың учет (дисконт) вексельдерін және борыш міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- 8) банкілік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай түрде кредит ұсыну;
- 9) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- 10) банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың инкассациясы;
- 11) инкассоға төлем құжаттарын қабылдау;
- 12) ол бойынша аккредитивті ашу (қою) және растау, міндеттемелерді орындау;
- 13) ақшалай түрде орындауды көздейтін банкілік кепілдеме беру;
- 14) ақшалай түрде орындауды көздейтін үшінші адамдар үшін банкілік тапсырмаларды және өзге міндеттемелерді беру;
- 15) аффинирленген қымбат сом металлдарды (алтын, күміс, платина, платина тобындағы металлдар) сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 16) қымбат металлдарды және қымбат тастарды қамтитын зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 17) вексельдермен операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушінің вексельді төлеуі бойынша қызметтерді ұсыну, сондай-ақ домицилленген вексельдерді төлеу, делдалдық тәртіпте вексельдердің акцепті;
- 18) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 19) меншік құнды қағаздар шығару (акциялардан басқа);
- 20) факторингтік операциялар: төлем тәуекелін қабылдаумен сатып алушыдан тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) төлем талабы құқығын алу;
- 21) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу жолымен сатып алушыдан тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) борыш міндеттемесін төлеу;

22) сенім білдірілген операциялар: акшаны, сенім білдіруші мүддесінде және тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыз және аффинирленген құнды металлдармен талап құқықтарын басқару;

23) сейф операциялары: құжаттамалы түрде шығарылған құнды қағаздарды және клиенттердің құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер, сейф жәшіктерін, шкафтарды және жайларды қоса.

10. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметтің төмендегідей түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) делдалдық – Қазақстан Республикасының немесе рейтингтік агенттіктердің бірімен ең төменгі талап етілетін рейтингіге ие елдердің мемлекеттік құнды қағаздарымен, Уәкілетті органның шешімі бойынша онсыз, сондай-ақ туынды құнды қағаздармен және базалық активтерді алу тізбесі және тәртібі Уәкілетті органмен белгіленетін туынды қаржы аспаптармен;

2) дилерлік – Қазақстан Республикасының немесе рейтингтік агенттіктердің бірімен ең төменгі талап етілетін рейтингіге ие елдердің мемлекеттік құнды қағаздарымен, Уәкілетті органның шешімі бойынша онсыз, туынды құнды қағаздармен, базалық активтерді алу тізбесі және тәртібі Уәкілетті органмен белгіленетін туынды қаржы аспаптармен, АҚ туралы Заңмен белгіленген өзге құнды қағаздармен;

11. Банкіге «алтын акция» шығаруға тыйым салынады.

3. Жарғының 9-бабында:

- 1-тармақ 1)-тармақшасындағы «және осы Жарғымен» сөздері «және (немесе) осы Жарғымен» сөздерімен ауыстырылсын;».

- 4-тармақ мына мазмұнда жазылсын:

«4. Заңды тұлға болып табылатын Банкінің ірі қатысушысы жыл сайын Уәкілетті органға қаржы есебін және қаржы жылы аяқталу бойынша жүз жиырма күнтізбелік күн ішінде оған түсініктеме жазбаны, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер туралы есепті ұсынуы тиіс.».

- 5-тармақ бірінші абзацындағы «жүз жиырма» сөздерінен кейін «күнтізбелік» сөзімен толықтырылсын.

- 5-тармақ 3)-4)-тармақшалары мына редакцияда жазылсын:

«3) ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы (акцияларындағы) оған тиесілі қатысу үлестері, сондай-ақ оларды алу көздері туралы;

4) жақын туыстары, зайыбы және ерінің (зайыбының) жақын туыстары, сондай-ақ осы тұлғаларды бақылайтын ұйымдар туралы;».

- 5-тармақ мына мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) табыс және мүлік туралы мәліметтер, Банкінің ірі қатысушысымен салық органдарына ұсынылатын жеке табыс салығы бойынша декларация көшірмесі, ол болған жағдайда.».

- 6-тармақтың 1) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) келесі есептік тоқсаннан, тоқсан күнтізбелік күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржы есебін және оған түсіндірме жазбаны, және келесі

есептік тоқсаннан отыз күнтізбелік күн ішінде шоғырландырылмаған қаржы есебін және оған түсіндірме жазбаны;».

- 6-тармақ мына мазмұндағы 3)-тармақшамен толықтырылсын:

«3) аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есеп.»;

- 9-тармақтың 2)-тармақшасы мына мазмұнда жазылсын:

«2) жақын туыстары, ері (зайыбы), осы тармақтың 1), 3) и 8)-тармақшаларында көрсетілген жеке тұлғаның ерінің (зайыбының) жақын туыстары, Банкінің тәуелсіз директорын қоспағанда;».

- 9-тармақтың 3)-тармақшасындағы «1), 4)-9)» сандары және белгілері «1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 12) сандарымен және белгілерімен ауыстырылсын».

- 9-тармақтың 5)-тармақшасындағы «банкілік холдингпен» сөздері алынып тасталсын.

- 9-тармақ мына мазмұндағы 6-1)-тармақшасымен толықтырылсын:

«6-1) осы тармақтың 6)-тармақшасында көрсетілген заңды тұлғаға қатысты заңды тұлға ірі акционер болып табылады немесе мүлікке тиісті құқығы бар;».

- 9-тармақтың 9)-тармақшасындағы «1), 4)-8)» сандары және белгілері «1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8) және 12) сандарымен және белгілерімен ауыстырылсын».

4. Жарғының 11-бабында:

- 2-тармақ мына мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) Банкінің жай акцияларына конверсияланатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау.

5-2) бір түрдегі акциядан акцияның өзге түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттарын және тәртібін белгілеу;».

- 2-тармақтың 7)-тармақшасындағы «Директорлар кеңесінің мүшелеріне» сөздері «және олардың өз міндеттемелерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне шығындарды өтеу» сөздерімен ауыстырылсын.».

- 2-тармақтың 10)-тармақшасы мына мазмұнда жазылсын:

«10) Банкінің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;».

- 2- тармақтың 12)-тармақшасындағы «беру жолымен» сөздері «немесе алу алу (беру) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу» сөздерімен ауыстырылсын.

- 2- тармақтың 14)-тармақшасындағы «Банкімен» сөзі «ұйымдастырылмаған нарықта» сөздерімен толықтырылсын.

- 2- тармақтың 17)-тармақшасы алынып тасталсын.

- 2-тармақтың 20)-тармақшасындағы «және осы Жарғымен» сөздері «және (немесе) осы Жарғымен» сөздерімен ауыстырылсын.».

- 2- тармақтың бірінші бөлігіндегі «5)» санынан кейін «және сөзімен және санымен толықтырылсын;».

- 2-тармақтың екінші бөлігіндегі «осы Жарғымен» сөздері «және (немесе) осы Жарғымен» сөздерімен ауыстырылсын.».

- 5-тармақтың алтыншы абзацы мына редакцияда жазылсын:

«Банкінің Атқарушы органының мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде бой көтеруге құқықтары жоқ. Банк қызметкерлері акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде бой көтеруге құқықтары жоқ, осындай өкілдік акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауларды қамтитын сенімхат негізінде болған жағдайларды қоспағанда. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес құқығы бар тұлға үшін қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.».

- 5-тармақтың жетінші және сегізінші абзацтары алынып тасталсын.

- 6-тармақтың екінші абзацы мына мазмұнда жазылсын:

«Акционерлерге отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей алдағы Жалпы жиналыс өткізу туралы хабарлау керек, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізген күнге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей. Пруденциалды және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен белгіленген қалыптарды және лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне Банкінің жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселесі енгізілген Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізген жағдайда Уәкілетті органның талабы бойынша акционерлерге он жұмыс күнінен кешіктірілмей алдағы Жалпы жиналысты өткізу туралы хабарлануы керек, ал ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізген күнге дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей.».

- 6-тармақтың соңғы абзацындағы «(«алтын акция» иегеріне)» сөздері алынып тасталсын.

- 8-тармақтың соңғы абзацындағы «3-тармақта» сөздері «2-тармақтың 3)-тармақшасында» сөздерімен ауыстырылсын.

- 13-тармақтың тоғызыншы абзацынан кейін мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Егер сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысын өткізген жағдайда барлық акционерлерден дауысты есептеу тағайындалған күннен бұрын тиісті түрдегі бюллетеньдер келіп түссе, онда дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада бейнеленетін күннен бұрын дауыс беруді есептеу жүргізіледі.».

- 14-тармақтың алтыншы абзацы мына редакцияда жазылсын:

«Оған қол қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда хаттамаға оған берілген сенімхат негізінде оның өкілі немесе акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес құқығы бар тұлға қол қояды.».

5. Жарғының 12-бабында:

- 1-тармақтағы «және осы Жарғымен» сөздері «және (немесе) осы Жарғымен» сөздерімен ауыстырылсын.».

- баптың 2-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«2. Директорлар кеңесінің мүшесі тек қана жеке тұлға болады.

Директорлар кеңесінің мүшесі оған АҚ туралы Заңмен және (немесе) Банк Жарғысына оған жүктелген қызметті өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілерден сайланады:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалардан;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалардан сайлануға;
- 3) Банк акционерлері болып табылмайтын және акционерлердің өкілдері ретінде ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалардан.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлермен дауыс беруге бюллетеньдерді пайдалану арқылы кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, Директорлар кеңесінің бір орнына бір кандидат дауысқа түсетін жағдайдан басқа. Кумулятивтік дауыс беру бюллетені төмендегі бағандарды қамтуы керек:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттар тізімі;
 - 2) акционерге тиесілі дауыс саны;
 - 3) Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидат үшін дауыс берген дауыс саны.
- Кумулятивтік дауыс беру үшін бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» деген баламалар енгізуге тыйым салынады.

Акционер бір кандидат үшін оған тиесілі акциялар бойынша дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірнеше кандидаттары арасында бөлуге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланған болып көп дауысқа ие болған кандидаттар есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше кандидаты тең дауыс алса, осы кандидаттарға қатысты тең дауыс алған кандидаттарды көрсетумен акционерлерге кумулятивтік дауыс бюллетеньдерін ұсыну жолымен қосымша кумулятивтік дауыс беру жүргізіледі.

Басқарма мүшелері, оның төрағасынан басқа, Директорлар кеңесіне сайланбайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері саны кемінде 6 (адам) адамды құрауы тиіс. Банкінің Директорлар кеңесінің құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болады.».

- 3-тармақтың 1)-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банкінің даму стратегиясын белгілеу немесе Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларда Банкінің даму жоспарын бекіту;».

- 3-тармақ мына мазмұндағы 5-1)-тармақшасымен толықтырылсын:

«5-1) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;».

- 3-тармақтың 6)-тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«б) Банкінің облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығару шарттарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;».

- 3-тармақтың 12)-тармақшасындағы «ұйымның» сөзінен кейін «қаржы есебінің аудиті үшін» сөздерімен толықтырылсын.

- 3-тармақтың 15)-тармақшасындағы «алу» сөзінен кейін «(иелігінен шығару)» сөздерімен толықтырылсын.

- 3-тармақтың 18)-тармақшасы алынып тасталсын.

- 3-тармақ мына мазмұндағы 24-1), 24-2)-тармақшаларымен толықтырылсын:

«24-1) Банкінің жылдық бюджетін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер және/немесе толықтырулар;

24-2) Банкінің ұйымдастырушылық құрылымын бекіту, сондай-ақ Банкінің ұйымдастырушылық құрылымына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу;».

- 3-тармақтың 27)-тармақшасындағы «және Банкінің Жарғысымен» сөздері «және (немесе) Банкінің Жарғысымен» сөздерімен ауыстырылсын».

- 7-тармақтың үшінші абзацындағы «қосымшамен» сөзі «көшірмемен» сөзімен толықтырылсын.

- 7-тармақтың он екінші абзацындағы «Банк мұрағатында» сөздері «Банкіде» сөзімен ауыстырылсын.

6. Жарғының 16- бабында:

- бірінші абзац және 1-тармақтың 1), 12)-тармақшалары мына редакцияда жазылсын:

«1. Банк акционерлерге және инвесторларға Банкінің төмендегі корпоративтік оқиғалары туралы хабарлайды:

1) шешімдері акционерлердің Жалпы жиналысымен және Банкінің Директорлар кеңесімен қабылданған мәселелер тізбесі бойынша Банкінің ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат акционерлерге және инвесторларға хабарлану керек;

12) Банк Жарғысына сәйкес Банк акционерлерінің және инвесторларының мүдделерін қозғаушы өзге де оқиғалар, сондай-ақ Банкінің акция шығару проспектісімен.».

- мына мазмұндағы 1-1-тармақшамен толықтырылсын:

«1-1. Банк интернет-ресурста уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімде Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржы есебі заңнамасына сәйкес белгіленген қаржы есебінің депозитарийі бойынша Банкінің корпоративтік оқиғалар, жылдық қаржы есеп және аудиторлық есеп туралы ақпарат орналастыруды қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа қосымша қор биржасының интернет-ресурсында оның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржы есебі заңнамасына сәйкес белгіленген қаржы есебінің депозитарийі бойынша Банкінің барлық корпоративтік оқиғалары және тоқсандық қаржы есебі туралы ақпарат орналастыруды қамтамасыз етеді.».

12

- Жарғының 16-бап 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «акционерлердің мүдделерін қозғаушы Банк қызметі» сөздері «корпоративтік оқиғалар» сөздерімен ауыстырылсын.

«Альянс Банкі» АҚ Жарғысына өзгертулерге және толықтыруларға қол қоюға акционерлердің Жалпы жиналысымен өкілеттенген

Басқарма төрағасы



М. Қабашев

Қабашев Мансат Рахымжанович

**ИЗМЕНЕНИЯ и ДОПОЛНЕНИЯ
В УСТАВ
Акционерного общества
«Альянс Банк»**

Утверждено
Общим собранием акционеров
«12» августа 2012 года

(протокол № 02/12
от «12» августа 2012 года)

Внести следующие изменения и дополнения в Устав Акционерного общества «Альянс Банк», утвержденный решением единственного акционера АО «Альянс Банк» № 15/10 от 9 марта 2010 года (далее - Устав):

1. в статье 6 Устава:

- в части второй пункта 6 слово «Количество» заменить словами «В период размещения количество»; слово «объявленных» заменить словом «размещенных»;

- пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Привилегированная акция предоставляет акционеру право на участие в управлении Банком, если:

1) Общее собрание акционеров Банка рассматривает вопрос, решение по которому может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями. Решение по такому вопросу считается принятым только при условии, что за ограничение проголосовали не менее чем две трети от общего количества размещенных (за вычетом выкупленных) привилегированных акций.

К вопросам, принятие решения по которым может ограничить права акционера, владеющего привилегированными акциями, относятся вопросы о (об):

уменьшении размера либо изменении порядка расчета размера дивидендов, выплачиваемых по привилегированным акциям;

изменении порядка выплаты дивидендов по привилегированным акциям;

обмене привилегированных акций на простые акции Банка;

2) Общее собрание акционеров Банка рассматривает вопрос об утверждении изменений в методику (утверждение методики, если она не была утверждена учредительным собранием) определения стоимости привилегированных акций при их выкупе Банком на неорганизованном рынке в соответствии с Законом об АО;

3) Общее собрание акционеров Банка рассматривает вопрос о реорганизации либо ликвидации Банка;

4) дивиденд по привилегированной акции не выплачен в полном размере в течение трех месяцев со дня истечения срока, установленного для его выплаты.».

2. статью 8 Устава изложить в следующей редакции:

«1. Банк осуществляет деятельность с учетом запретов и ограничений, установленных законодательством Республики Казахстан.

2. Банк, в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет право приобретать акции или доли участия в уставных капиталах:

1) финансовых организаций, а также юридических лиц-нерезидентов Республики Казахстан, имеющих статус банков, страховых организаций, пенсионных фондов, профессиональных участников рынка ценных бумаг;

2) юридических лиц в размере менее десяти процентов от размещенных

(за вычетом привилегированных и выкупленных обществом) акций (долей участия в уставном капитале) при условии соответствия приобретаемых акций (долей участия в уставном капитале) требованиям нормативного правового акта Уполномоченного Органа;

